

М.Н. Оспанбекова,<sup>\*1</sup> С.Ж. Турикпенова,<sup>2</sup> Л.М. Искакова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Арқалық қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

<sup>3</sup>SDU University Қаскелең қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МАМАНДАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ АУДИОВИЗУАЛДЫ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ

### Аңдатпа

Мақала болашақ мамандарды бастауышта шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыруға даярлауға бағытталып, тиімділігін зерттеу нәтижелеріне сәйкес анықтауға негізделген.

Болашақ мамандарды бастауышта шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыруға даярлау мәселелері бойынша тақырып мазмұнын ашатын ғылыми еңбектер, мемлекеттік нормативтік құжаттар мен стратегиялық бағдарламалар талданған. Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесі, шығармашылық жұмыстарды бастауыш сыныпта тиімді ұйымдастыру, оқу мен оқытуда оқушылардың шығармашылық жұмыстарын аудиовизуалды материалдардың көмегімен жүзеге асырудың тиімділігі қарастырылған.

Сондай-ақ, мақалада ғылыми еңбектерді теориялық саралау нәтижесінде аудиовизуалды материалдардың түрлері, мазмұны және білім алу мен білім берудегі тиімділігі әдістемелік тұрғыдан айқындалған. Бастауыш сынып пәндерін оқытуда аудиовизуалды оқу материалдарын қолдануға бағытталған стратегиялар мен әдістер, сабақта және сабақ тыс уақыттарда болашақ мамандардың аудиовизуалды оқу материалдарын қолдануға дайындалудың жолдары қарастырылған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, цифрлық технологияларға негізделген аудиовизуалды оқу материалдары арқылы ұйымдастырылатын шығармашылық жұмыстарды жаңартылған білім мазмұны аясында әзірленген оқулықтардағы оқу дағдыларын қалыптастыру кезеңдерінде жүзеге асыру мәселесі қарастырылған.

Ғылыми жаңалығы – болашақ бастауыш сынып мамандарын оқу мен оқытуда шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыруға даярлау мүмкіндіктерін айқындайтын жаңа мазмұнның теориялық және әдістемелік тұрғыдан өзара байланысын қарастырудан тұрады.

**Түйін сөздер:** болашақ маман; маман даярлау; бастауыш сынып; шығармашылық; аудиовизуалды оқу материалдары; цифрлық технология.

Оспанбекова М.Н.,<sup>\*1</sup> Турикпенова С.Ж.,<sup>2</sup> Искакова Л.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Арқалықский педагогический институт имени Алтынсарина. г. Арқалык, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Гумилева, г. Астана, Казакстан

<sup>3</sup>SDU University г. Каскелен, Казахстан

## ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ОРГАНИЗАЦИИ ТВОРЧЕСКОЙ РАБОТЫ НА ОСНОВЕ АУДИОВИЗУАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ МАТЕРИАЛОВ

### Аннотация

Статья ориентирована на подготовку будущих специалистов к организации творческой работы на основе аудиовизуальных учебных материалов и основана на определении эффективности в соответствии с результатами исследования.

Проанализированы научные труды, государственные нормативные документы и стратегические программы, раскрывающие содержание темы по вопросам подготовки будущих специалистов к организации творческой работы на основе аудиовизуальных учебных материалов. Рассмотрена проблема подготовки будущих специалистов начальных классов, эффективная организация творческой работы в начальных классах, эффективность осуществления творческой работы учащихся при обучении и обучении с помощью аудиовизуальных материалов.

Также в статье методологически определены виды, содержание и эффективность аудиовизуальных материалов в получении и образовании в результате теоретической дифференциации научных трудов. Рассмотрены стратегии и методы, направленные на использование аудиовизуальных учебных материалов при изучении предметов начальной школы, пути подготовки будущих специалистов к использованию аудиовизуальных учебных материалов на уроках и вне уроков.

Рассмотрена проблема реализации творческих работ, организуемых посредством аудиовизуальных учебных материалов, основанных на цифровых технологиях, на этапах формирования учебных навыков в учебниках, разработанных в рамках обновленного содержания образования, руководствуясь физиологическими и психологическими особенностями учащихся будущих учителей начальных классов.

Научная новизна заключается в рассмотрении теоретической и методической взаимосвязи нового содержания, определяющей возможности подготовки будущих специалистов начальных классов к организации творческой работы в обучении и обучении на основе аудиовизуальных учебных материалов.

**Ключевые слова:** будущий специалист; подготовка специалиста; начальный класс; творчество; аудиовизуальные учебные материалы; цифровые технологии.

*Ospanbekova M.,<sup>\*1</sup> Turikpenova S.,<sup>2</sup> Iskakova L.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Arkalyk Pedagogical Institute named after Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*L.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*SDU University, Kaskelen, Kazakhstan*

## **PREPARATION OF FUTURE PRIMARY SCHOOL SPECIALISTS FOR THE ORGANIZATION OF CREATIVE WORK BASED ON AUDIOVISUAL EDUCATIONAL MATERIALS**

### *Abstract*

The article is aimed at preparing future specialists to organize creative work based on audiovisual educational materials and is based on determining effectiveness in accordance with the results of the study.

Scientific papers, state regulatory documents and strategic programs are analyzed, revealing the content of the topic on the issues of training future specialists to organize creative work based on audiovisual educational materials. The problem of training future primary school specialists, the effective organization of creative work in primary schools, the effectiveness of the creative work of students in teaching and learning with the help of audiovisual materials is considered.

The article also methodologically defines the types, content and effectiveness of audiovisual materials in obtaining and education as a result of the theoretical differentiation of scientific works. The strategies and methods aimed at using audiovisual educational materials in the study of primary school subjects, ways to prepare future specialists for the use of audiovisual educational materials in and out of lessons are considered.

The problem of the implementation of creative works organized through audiovisual educational materials based on digital technologies at the stages of the formation of educational skills in textbooks developed within the framework of the updated educational content, guided by the physiological and psychological characteristics of students of future primary school teachers, is considered.

The scientific novelty lies in the consideration of the theoretical and methodological relationship of the new content, which determines the possibilities of preparing future primary school specialists to organize creative work in teaching and learning based on audiovisual educational materials.

**Keywords:** future specialist; specialist training; elementary class; creativity; audio-visual educational materials; digital technologies.

**Негізгі ережелер.** Еліміздің оқу ағарту саласында болып жатқан өзгерістер халықаралық деңгейде жүзеге асырылып жатқан білім беру мәселелерімен сәйкестендіріліп, оқыту процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу қажеттілігін алға шығарып отыр. Цифрлық құралдар ақпаратты игеру және игерту тәсілдерін өзгертеді, әртүрлі қызмет түрлерін интеграциялау үшін жаңа перспективаларды ашады, осылайша қазіргі кезеңдегі маңызды оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Оқу процесінде қолданылатын цифрлық технологиялар бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Білім беру саласының негізгі міндеті – білімді тұлғаны шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, жаңашыл бастамаларды жүзеге асыра алатын, өз іс әрекетін басқара алатын адамға айналдыру.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [1], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [2], Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары [3] және басқа мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар құрайды. Еліміздің Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп айқындалса, басым міндеттерінің бірі ретінде «Жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектіні байыту», - деп көрсеткен [1].

«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасында» ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен бейімделуі экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, адамдардың өмір сүру салтына да әсер етіп, қоғамды жаңартудың маңызды факторы болатыны белгіленген [2]. Біздің пайымдауымызша, қай салада болмасын цифрлық технологияларды дамыту еліміздің әл ауқаты мен тұрмысын жақсартудағы ықпалын айқындайды десек, білім беру саласына да тиімділігіне қарай қол-данымсыз енгізу қажеттілігі қоғам сұранысынан туындайды.

Қ.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауында: қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін және білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет, – деп басымдық берді. Сонымен қатар, ұстаздарға материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтыруды ұсынды [4]. Бұдан шығатын қорытынды, цифрлық технологиялар қазіргі білім беру жүйесінің барлық буындарында орын алады және білім беру мазмұнының өзгеруінде ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа формаларын қолданудың әдістемесін меңгеруде көрінеді.

**Кіріспе.** ЖОО-ның білімгерлерге беретін білімі ілгеріде маңыздылығын жоймайтын сипатқа ие болуы керек. Өзінің игерген кәсіби білімін тәжірибеде жүзеге асыра алатын, цифрлық технологияларды толыққанды меңгерген білікті маман даярлау қажет.

Ғалымдар, студенттерді педагогикалық жоғары оқу орындарында әдістемелік пәндерді оқыту әдістемесіне даярлау процесі студенттердің әр түрлі дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. ЖОО-да әдістемелік пәндерді оқыту әдістерін зерделеу кезінде күрделі тапсыр-малармен жұмыс жасауда пәннің ерекшелігін ескеріп, оның мазмұнын кеңейтуді талап етіп, оқытушылық қызметке бағытталған коммуникативті дағдыларды, ойлауды қалыптастыру керек, – деп пайымдайды [5]. Біздің саралауымызша, болашақ бастауыш сынып мұғаліміне өзінің қызметі саласындағы соңғы жетістіктерді оқып, әрі қарай тәжірибеде қолдана алуы табысқа жетуіне мүмкіндік береді. Сондықтан да жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілеттілік критерийлерін ескере отырып, оқыту мазмұнын өзгерту талап етіледі.

Ғалымдардың көзқарасы бойынша, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің негізгі объектісі өмірге, білім алуға жаңа қадам басқан оқушы, ал оқушының болашақта дұрыс білім алуы мен дамуы көп жағдайда бастауыш сыныпта негізі қаланатын танымдық белсенділікке, білім, білік, дағдының көлеміне байланысты болады [6].

Ғылымдардың саралауы бойынша: ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлауда цифрлық технологияларды меңгерту: әр түрлі ақпараттық, бейнелеу, дыбыстық анықтамалар арқылы білімді

жетілдіруге, дамытуға; сараланған тапсырмаларды өз бетінше орындауға; кез келген уақытта өз білімін жаңату немесе одан әрі қайталау мүмкіндігіне; тақырыпқа терең қызығушылық пен үнемі іздеуге; аниматордың қабілеттерін дамыту өз ойынын суреттер, суреттер, фигуралар, кестелер және графикалық модельдер түрінде беруге; сілтемелер, оқу тапсырмалары бар түрлі бейнероликтерді көрсетуге; әр түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындау арқылы алған білімдерін тексеруге мүмкіндік береді [7].

Біздің пайымдауымызша, болашақ бастауыш сынып мамандарын педагогикалық қызметте білім мен ғылымның өзекті мәселелерін саралауға, цифрлық технологияларды жетік меңгеріп, қажеттілікке қарай бейімдеп, өзгеріс енгізіп, жаңа бағытта жұмыс істеуге, оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға даярлауымыз керек.

Білім беру саласындағы орта мектептердің оқу-тәрбие процесі жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін жан-жақты дамытып жатқанымен, бастауыш сынып оқушыларының шығармашыл тұлға болып қалыптасуына толыққанды ден қойыла бермейді. Ол үшін жоғары оқу орындарында заман талабына сай оқушылармен үйлесімді жұмыс жүргізетін, шығармашыл тұлға қалыптастыратын болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесі назардан тыс қалмауы керек.

Оқу мен оқытуда оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруда оқу процесін тиімді ұйымдастырып, олардың зыткерлігін, дүниетанымын дамыту арқылы шығармашылық әлеуетінің сапалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, заман талабына сай шығармашылық жұмыстарды цифрлық технологиялар негізінде әзірленген аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану арқылы ұтымды жүзеге асырудың мәні зор.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні, этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «...шығармашылық – қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», –деп түсіндіріледі [8].

Шахин: «шығармашылықтың» күрделі ұғым екенін алға тарта отырып, оның шығармашылық адамдарына, шығармашылық процестің аспектілеріне, шығармашылыққа ықпал ететін өнімдер мен қоршаған ортаға қатысты екенін [9], ал Крафт шығармашылықты қиялмен шектелмейтін кең ауқымды ұғым ретінде қарастыру керек екенін айтады. Ол күнделікті өмірде шешім қабылдауға бағыттайтын шығармашылықты сипаттау үшін «ойлау мүмкіндігі» терминін қолданады [10]. Бұдан шығатын қорытынды, шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Демек, өмірде дұрыс жол табу үшін адам өздігінен ой түйіп, сапалы, дәлелді шешім қабылдай білуге дағдылануы керек.

Б.А. Тұрғынбаева өз еңбегінде шығармашылықты төмендегідей ерекшеліктермен сипатталған адам әрекеті ретінде қарастырады:

- шығармашылықта қарама-қайшылықтардың болуы;
- әлеуметтік және жеке адамға тән мәнінің болуы;
- шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- шығармашыл тұлғаның даралық қасиеттерінің болуы;

– нәтиженің жаңалығы, сонылығы, – деп атап көрсете отырып, шығармашылық қайшылықтарды шешуге бағытталған, ол үшін жекелік қасиеттердің болуын талап ететін, нәтижесінде әлеуметтік не жеке адам үшін мәні бар соны жаңалыққа әкелетін адам әрекеті, ал бастауыш сынып оқушысының шығармашылығы тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын, субъективті жаңалық, – деп қорытынды жасаған [11].

Біздің ойымызша, егер бастауыш сынып мұғалімі оқушыларға ұсынылатын тапсырмаларды заманауи тұрғыдан оқушылардың қызығушылығын туғызатын мәселелерді қамтып шебер ұйымдастырса, бастауыш сынып оқушылары оларды жетік меңгеріп, жоғары деңгейде орындап, жақсы көрсеткіштер көрсетеді. Бұл жағдайда біз қарастырып отырған аудиовизуалды оқу материалдары оқушылардың қызығушылығын туғызып, ынтасын арттырады деген қорытынды жасаймыз.

Ғалым Ә.С. Әмірованың пайымдауы бойынша, шығармашылық қабілеттердің дамуындағы ең маңызды мәселелердің бірі – шығармашылық және оны қалыптастырудың талаптары туралы білімдердің көмегімен шығармашылық тапсырмаларды толық шешуде жоғары мүмкіншіліктерге жету болып табылады [12].

Григг Расселлдің айқындауынша, шығармашылық – бұл адамдар таланты мен қабілетін әртүрлі мағынада қолданатын жеке дара процесс. Шығармашылық жұмыс негізгі ұғымдар мен дағдыларды қажет етсе де, бұл бір сызықтың бойымен жүретін процесс емес [13].

Біздің пайымдауымызша, шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда түрлі кедергілер туындауы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, болашақ мамандар оқу мен оқытуда оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру мәселесі жайлы білімдерді толық меңгермейінше, аудиовизуалды оқу материалдарын тиімді қолдану тәсілі жеткіліксіз болып табылады.

Шығармашылық – тұлғаның жаңашыл болуына, өз әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта шығармашыл, жаңашыл тұлғаны тәрбиелеу үздіксіз білім берудің бастауыш сатысында қалыптасады, себебі бастауыш сыныпта оқушылардың:

1. оқу мен оқытуда шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамыту жүйелі түрде жүзеге асырылады;
2. өзінің іс-әрекетіне рефлексия жасау дағдылары қалыптасады;
3. ұжымда, шағын топтарда және өзіндік жұмыстарда шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгереді.

Егер мұғалім мен мектеп баланың шығармашылығын жетілдіргісі келесе арнайы шығармашылыққа баулитын бағдарламаларды даярлудың қажеті жоқ. Қайта олар әр баланың басты құқығы өз ойы мен сезімін, мейлі, ол поэзия, не музыка, математикалық мәселелерді зерттеу, кескіндеме өнері, компьютерлік анимациялық бағдарламалау, экологиялық проблемаларға пікір білдіру немесе би билеуде болсын шығармашылықпен жеткізу керек деген сенімді мықтап бекіту қажет. Оған мұғалім рөлі, ресустар, сабақ кестесі мен оқу бағдарламасының да ықпалы болары анық. Алайда Мемлекеттік оқу бағдарламасы аясында да шығармашылыққа құштар сынып дайындап шығаруға болады. Сауаттылық пен сандық дағдылардың жоғары стандартына қол жеткізуге шығармашылықтың еш кедергісі жоқ. Стандартқа сай сынып мәдениеті жағдайында қойылған мақсатқа жету әрі оқуды жағымды ету үшін де оған шығармашылық тұрғыдан келіп, түрлі техникаларды қолдануға болады (Jones and Wuse, 2013) [14]. Бұдан шығатын қорытынды, оқушының жаңашыл тұлға болып қалыптасуы қолына алғаш қалам ұстатып, білім берген ұстазының бала жанына үңіліп, оның дара ерекшеліктерін ескере отырып оқу әрекетін ұйымдастыру шеберлігіне байланысты. Білім алушыларға оқу мен оқыту процесін жаңа жағдайда ұйымдастыру әрбір ұстаздың қоғам алдындағы парызы деп түсінсек, оқушыларға заман талабына сай сабақ беру кез келген мұғалімнің міндеті.

Цифрлық технологиялар – ақпаратты алу және қолдану процесін қолданушыларға қолжетімді болуды қамтамасыз ететін бағдарламалар мен цифрлық контенттер жиынтығынан құралады.

Білім беру процесіне цифрлық технологияларды енгізудің екі жағдайы бар. Олар: объективті және субъективті болып екіге бөлінеді. Бірінші жағдайға білім беру жүйесіне қойылып отырған жаңа жағдайдағы талаптар мен оны жүзеге асыруда қолданылатын инновациялық технологиялардың нақты мәселелерді шешудегі маңыздылығы, және модернизациялау, екінші жағдайға білім алушылар мен білім берушілердің әлеуеті жатады.

Элен Битэм мен Рона Шарп, педагогика оқыту технологияларымен тығыз байланыста болғандықтан, олардың дамуына орай әлбетте, педагогикалық орта мен әдіс-тәсілдер де өзгереді. Мектеп пен мұғалімнен тыс ортадағы оқыту технологияларының алуан түрлілігі білім алушының жаңа тәсілдерін құруға мүмкіндік беріп отыр. Цифрлық технологиялар оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың мүлде басқа түрін қалыптастыра бастады, - деп ой қорытады [15].

Демек, оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялар жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асыратын құрал ретінде қарастырылады. Аудиовизуалды оқу материалдарын қолданудағы басты міндеті – жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін, өзін өзі тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет қасиеттерді дамыту.

Ғалымдардың айқындауынша, бастауыш сынып сабақтарында қолданылатын аудиовизуалды оқыту құралдары ашықтығымен, эмоционалдылығымен, әртүрлілігімен, оқу кезеңінде пайдалану мүмкіндігімен және бірнеше әдістемелік мәселелерді шешуге жарамдылығымен маңызды [16].

Sword тұжырымы бойынша, аудиовизуалды материалдарды пайдалану оқушының қызығушылығын ояту және сол арқылы оның ішкі мотивациясын қамтамасыз етеді. Бұл сонымен қатар оқу процесінде оқытушы мен оқушылар арасында тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді [17].

Біз жоғарыда берілген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасай отырып, цифрлық технологияларға негізделген аудиовизуалды оқу материалдары арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мүмкіндіктерін бастауыш сыныпта оқытылатын кез келген пәннің аясында қарастыруға болады деп есептейміз.

Бастауыш сынып мұғалімі жаңашыл, ізденімпаз, кез-келген жағдайда оң шешім қабылдай алатын, цифрлық технологияларды жетік меңгерген, оқу мен оқытуда аудиовизуалды оқу материалдарын үйлесімді қолдана алатын шебер ұстаз болуы керек.

**Материалдар мен әдістер.** Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі білім беру салалары мен қоғамды қарқынды өзгеріске ұшырап, үнемі дамып отыратын әлемге бейімдеу болып табылады. Әрбір тұлғаның кез келген әлеуметтік желілерге кіріп, қажетті ақпараттарды саналы түрде саралап қарауы, дереккөздермен жұмыс істеу этикасын меңгеруі, цифрлық технологияларды, соның ішінде аудиовизуалды құралдарды қолдана алуы қазіргі таңдағы қарыштап дамып отырған ақпараттық қоғамның сұранысынан туындар отырған мәселе.

Бастауыш сыныпта аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану көрнекілік принципіне негізделген. Адамның сөйлеу және визуалды ақпаратты қабылдау және өңдеу қабілеті оны алуға және өңдеуге, есту-көру синтезі арқылы жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Бұл бастауыш білім беру әдістемесіндегі тұтас бағыттың негізі болып табылады және аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану әдістемесін дамыту үшін негіз болады. Жоғарыда айтылған цифрлық технологияларды оқу процесіне енгізу, техникалық құралдары оқу процесінде қолдану мәселесін шешумен шектелмей, жаңа қолданыстар тауып, бастауыш сыныпта оқытылатын пәндерді игерту әдістемесінің жаңа бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз. Бұл әдісті әзірлеу және жетілдіру жаңа дидактикалық материалдардың жасалуына әкеледі.

Оқу мен оқытуда аудиовизуалды оқу материалдарын қолдануда оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін, дидактикалық мақсатын және оқушылардың жасын, дайындық дәрежесін ескере отырып әзірленуі керек. Оқу іс-әрекетінің әртүрлі формаларында әртүрлі аудиовизуалды техникалық құралдар қолданылады. Аудиовизуалды оқыту құралдарын өз бетінше оқыту кезінде де сәтті пайдалануға болады. Аудиовизуалды оқыту құралдары оқу процесін ұйымдастырудың басқа техникалық құралдарының арасында ерекше орын алады, зерттелетін материалды бейнелі қабылдауды және оны қабылдау мен есте сақтаудың ең қол жетімді түрінде көрнекі түрде нақтылауды қамтамасыз ету арқылы тыңдаушыларға ең көп білім беруге ықпалын тигізеді.

Оқу мен оқытудағы аудиовизуалды оқу материалдарының дидактикалық ерекшеліктерін бөліп көрсету қажет:

- жоғары ақпараттылық;
- оқу ақпаратын ұтымды ұсыну;
- динамикада зерттелетін құбылыстардың сипаттамасы;
- шындықты көрсетудің шынайылығы.

Оқыту сапасын арттыруға негізделген қарым-қатынас пен қоршаған ортаны көрнекі-есту бейнелерінің экспрессивтілігі мен ақпараттық тұтастығына оқытудың аудиовизуалды материалдарын тиімді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Оқу мен оқытуда аудиовизуалды материалдарды қолдануда көрнекіліктің дидактикалық қағидаты, оқытуды дараландыру және сонымен бірге білім алушыларды жаппай қамту мүмкіндігі табысты іске асырылады және оқушылардың сапалы білім алуына мотивация тудырады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тыңдалым дағдыларын аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану негізінде дамыта отырып, шығармашылық әлеуетін дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Мысалы, оқушылардың тыңдалым дағдысын дамыту мақсатында жаңартылған білім беру бағдарламалары аясында әзірленген оқу-әдістемелік кешендер ұнтаспа, QR-кодтардың берілуімен ерекшелініп отыр.

Демек, бұл қазіргі бастауыш сыныптарда оқу мен оқытуда шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу құралдар негізінде ұйымдастыруды негізгі ұстанымдарының біріне айналуына басымдық беріп отыр. Алайда бастауыш сынып мұғалімдері көп жағдайда оқу мен оқытуда шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда белгілі бір деңгейдегі тапсырмаларды ұсынумен ғана шектеліп жатады.

Қазіргі кезде оқу мен оқытуда қолданылатын аудиовизуалды құралдар оқу процесінің тиімділігін арттыратын оқыту құралдарының ерекше тобы болып табылады. Аудиовизуалды құралдар бірнеше түрге бөлінеді: бейнелеу құралдары; аудитивті құралдар; дыбыстау-бейнелеу. Оқытудағы цифрлық

технологиялар мұғалімнің оқытудың көрнекі және дидактикалық құралдарын пайдаланудың негізгі әдістемелік тәсілдерін меңгеруінде тиімді болады.

Оқушыларда белгілі бір әсерлерді, бақылауларды және идеяларды қалыптастыру үшін аудиовизуалды оқыту технологиялары қолданылады. Олардың ерекшелігі қабылдаудың екі анализаторына (есту және көру) бір уақытта әсер ету. Аудиовизуалды оқу құралдарды қолдануда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың көрнекі құралдарын белсенді пайдалану көзделеді.

Аудиовизуалды оқу материалдары:

- коммуникацияның мотивациялық және ынталандырушы деңгейін қамтамасыз етеді;
- оқушылардың психикалық белсенділігін жұмылдырады;
- қорытылатын материалдың мөлшерін кеңейтеді;
- шаршауды азайтады;
- шығармашылық қиялды жаттықтырады;
- арлық оқу процесін жеңілдетеді.

Мұғалім оқу мен оқытуда сабақтың мотивациялық-бағдарлау және операциялық-орындаушылық кезеңдерін аудиовизуалды құралдарды қолдануға негізделген инновациялық технологиялар арқылы ұйымдастырса, білім алушылардың тақырыпты меңгеруге ынтасы оянып, қызығушылығы артады. Әсіресе қазіргі бастауыш білім берудің типтік бағдарламаларына сәйкес оқушылардың тілдік және қатысымдық дағдыларын дамытатын «Қазақ тілі» мен «Әдебиеттік оқу» сабақтарында аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту жұмыстары үнемі жүргізіліп отырылуы керек.

Бұл жағдайда бастауыш сынып мұғалімі оқушының кез келген тапсырманы орындауда еркін шығармашылықпен ойлауына, оның аудиовизуалды құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіруге, өзінің мүмкіндіктерін, әлеуетін кез-келген жағдайда ұтымды қолдануына ықпал етеді. Бастауыш сыныпта оқушының оқу процесінде аудиовизуалды құралдарды қолдану дағдыларын дамытуға көп мүмкіндіктер бар. Қазіргі таңда бастауыш сыныпқа енгізілген «Цифрлық сауаттылық» пәні оқушының кез келген сабақта аудиовизуалды құралдарды сауатты, тақырып мазмұнына сай үйлесімді, белсенді қолдануына негіз болып отыр. Демек, бастауышта оқу мен оқытуда аудиовизуалды құралдарды тиімді қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін, тамындық белсендігін арттырып, кез-келген жағдайда оң шешім қабылдайтын тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететінін бүгінгі күннің өзі дәлелдеп отыр.

Көрнекіліктің алуан түрлерінің ішінде аудиовизуалды визуализация оқытудың бастауыш сатысында кеңінен қолдануға қолайлы. Аудиовизуалды немесе көрнекі-есту құралдарына фильмдер, телебағдарламалар, мультимедиялық компьютерлік бағдарламалар кіреді.

Аудиовизуалды технологияларды енгізуде оқу мақсатындағы мультимедиялық бағдарламалар белсенді рөл атқарады. Олар тек мәтін немесе иллюстрация түрінде тақырыптық ақпарат беріп қана қоймайды. Электрондық оқулықтар бастауыш сынып сабақтарында кез-келген процесті модельдейді. Олар дүниетану, жаратылыстану және әдебиеттік оқу сабақтарында фильмнің үзіндісін көруге мүмкіндік береді. Өлеңді (оқуды) немесе музыкалық шығарманы (музыканы) естуге мүмкіндік тудырады.

Аудиовизуалды әдіс – көрнекі және дыбыстау құралдарын қарқынды қолдана отырып, оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытады. Демек, мәтіндер мен диалогтардың аудиовизуалды құралдар арқылы берілуі олардың мазмұнын терең түсінуге, оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді деген пайымдау жасадық. Сонымен қатар ұсынылған мәтінді бірнеше рет тыңдау айтылымды пысықтауға, жақсы оқу техникасын игеруге, көркем сөз тіркестерін орынды қолдана отырып сөйлеуді жеткілікті деңгейде игеруге мүмкіндік береді.

Аудиовизуалды оқыту – дидактикалық аудиовизуалды оқу құралы ретінде қарастырылады. Олар белгілі бір жолмен бір уақытта визуалды және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған оқу ақпаратын сақтайды.

Аудиовизуалды құралдарды қолдану дидактикасының ерекшеліктері:

- жоғары ақпараттық қанықтылыққа ие болу;
- оқу ақпаратын ұтымды беру;
- оқу ақпаратын ұсыну динамикасы;
- көрнекі-есту бейнелерінің жарықтығы, айқындылығы және ақпараттық құндылығы;
- оқу процесінің эмоционалды фонын құру.

Оқу мен оқытуды аудиовизуалды құралдарды қолдану арқылы ұйымдастыру:

- оқушылардың білім алуға құштарлығын тудырады;
- мультимедиялық, цифрлық құралдарды қолдану оқу мен оқыту сапасын жетілдіреді;
- танымдық белсенділікті арттыру, оқушылардың сапалы үлгерімін арттырады;
- көрнекі-бейнелі, ақпараттық ойлауды дамытады;
- оқу мен оқытуда білім алушылардың шығармашылық, танымдық әлеуетін арттырады;
- оқу мен оқытудың тиімділігі артады.

Аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу процесі оқушылардың білімді толыққанды меңгеруіне ықпал етумен қатар, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытып отырады.

Бастауыш сыныптың «Қазақ тілі» оқу бағдарламасында: «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша берілетін білім мазмұны коммуникативтік дағдыларды қалыптастырумен сабақтастықта ұсынылуы осы бағдарламаның өзіндік ерекшелігі болып табылады. Білім беру мазмұны оқу мақсаттарын басшылыққа алады және оқушылардың білім, білік және дағдыларын біртұтас білім алу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану дағдысын қалыптастыруға бағытталған. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерді кіріктіреді. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады, – деп көрсетілген [18].

Демек, бұл инновациялық тәсілдерге негізделген оқу мен оқытуда қолданылатын аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың қажеттілігін айқындайды.

Жанартылған білім беру жағдайындағы оқу бағдарламалары қазіргі оқуға қойылатын талаптар мен шығармашылық әлеуеті қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу мақсатында қоғамының сұранысын қанағаттандыра отырып, бастауыш сынып мұғалімінің оқытудың заманауи тәсілдемелерін, технологияларын саралап, білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асыру мәселелерін шешуіне ықпал етеді. Оқу мен оқытуда цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың оқу процесінде және одан тыс уақытта технологияларды орынды және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік цифрлық технологияларды күнделікті тиімді қолдану дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқытудың аудиовизуалды құралдарына сабақта қолдануға арналған құралдар, ал оқытудың техникалық құралдарына оқу материалдарын көрсетуге арналған техникалық құрылғылар жатады. Бастауыш сыныпта қолданылатын аудиовизуалды құралдарға:

1. Фонограммалар: фоно жаттығуларының барлық түрлері, фонотесттер, фонотекстер, әңгімелер, аудио сабақтар және аудио дәрістер, подкастар;
2. Бейне өнімдері: бейне үзінділер, бейне сабақтар, бейнефильмдер, бейне дәрістер, тақырыптық презентациялар;
3. Цифрлық оқу материалдары: электронды оқулықтар, өзін-өзі оқыту, анықтамалықтар, сөздіктер, қолданбалы оқыту, бақылау бағдарламалары, тесттер және оқу ойындары;
4. Ғаламтормен жұмыс: веб-сайттағы желілік мәліметтер базасы, бейнеконференциялар, бейне-трансляциялар, виртуалды семинарлар, телекоммуникациялық жобалар жатады.

Цифрлық технологиялар ақпараттық және дидактикалық мүмкіндіктерге ие бола отырып, бастауыш сынып оқшылары үшін төмендегідей қызмет түрлерін көрсете алады:

- оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекетінде (ақпарат іздеу, зерттеу, танымын кеңейтіп, білімін тереңдету);
- білімдегі, іскерліктегі, дағдылардағы олқылықтарды жою;
- online оқыту процесінде оқу қызметін жүзеге асыруға;
- оқу-тәрбие процесінде сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда, оның ішінде қосымша білім беру жүйесінде.

Аудиовизуалды оқу материалын қолдану бүкіл оқу процесін ұйымдастыруға оң әсер етеді, оны айқын және мақсатты етеді.

Оқу материалын игерудің тиімділігі қабылдаудың көру және есту қабілетін бір уақытта қолдануға ғана емес, сонымен қатар аудиовизуалды оқу материалдарын әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолдануға да байланысты.



Оқытудың аудиовизуалды құралдарын қолдануда келесі психологиялық қағидаларды ескеру керек:

1) ассимиляция процесінде көрнекі материалдың нақты атқаратын рөлі;

2) осы көрнекі материалдың нысандық мазмұнының ұғынуға және меңгеруге жататын пәнмен байланысы.

Аудиовизуалды оқу материалдары мұғалімді алмастырмауы керек, тек оның идеясын жүзеге асыратын құрал болуы керек. Оларды қолдану алдын-ала дайындық жұмыстарын қажет етеді. Мұғалім оқу материалындағы көрнекіліктің орны мен рөлін айқындау керек. Сонымен қатар, оқушылардың материалды қабылдауға дайындығын тексеріп, оны көрсетуге жұмсалған уақытты алдын ала жоспарлауы керек. Аудиовизуалды оқу материалдарының семантикалық жүктемесі теориялық материалмен біріктірілуі керек. Материалдарды көрсету міндетті түрде мұғалімнің түсініктемелерімен және оқушылардың назарын ең маңызды сәттерге аударумен бірге жүзеге асыру қажет. Бұл жағдай ұсынылатын оқу материалдарының тиімдігін арттырады.

Аудиовизуалды құралдарды қолдану сабақтың арнайы бір кезеңінде ұйымдастыруды талап етеді. Алдын ала өтетін сабақтың мазмұнына сәйкес әзірленген аудиовизуалды оқу материалдарын оқу тапсырмасын орындауға дейін ұсыну және көргеннен кейін ұсынылған оқу материалы бойынша әңгімелесу ұйымдастыру. Бұл оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Аудиовизуалды оқыту құралдарын қолдану орталық жүйке жүйесіне, әсіресе көру және есту анализаторларына жүктемені арттыратындықтан, оларды қолдануда гигиеналық нормаларға бағынуы керек. Гигиеналық нормаларға сәйкес бір сабақта материалдың жалпы ұзақтығы 15 минуттан аспауы керек. Үзіндіні көрсету 4-5 минуттан аспауы тиіс.

Біз тәжірибе барысында аудиовизуалды оқыту құралдарын жиі қолдандық: оқу фильмдері, оқу теледидары, кинофильмдер, бейнефильмдер, танымал телешоулар. Олардың сабақта, сабақтан тыс іс-әрекетте, сондай-ақ сынып жетекшісінің тәрбие жұмысында маңызды рөл атқаратындығына көз жеткездік.

Оқу мен оқытуды ұйымдастыруда аудиовизуалды құралдарды қолданудың бірнеше жалпы шарттар бар:

- Ұсынылған аудиовизуалды оқу материалын белсенді қабылдау үшін білімді бекіту қажет;

- Оқушылар сабақта ұсынылған аудиовизуалды оқу материалынан барлық қажетті ақпаратты алуы үшін, оны көргенге дейін танымдық тапсырмаларды ұсыну және алдағы оқу тапсырмалары туралы хабарлау, көргеннен кейін жауап беруі керек сұрақтарды қою.

Аудиовизуалды оқыту құралдарының бірнеше түрлері бар. Мысалы, оқу теледидары – ашық немесе жабық телевизиялық жүйелер жүйесі арқылы көрнекі және дыбыстық ақпаратты оқу қашықтығына беру тәсілі болып табылады.

Оқу телевизиялық бағдарламалары – оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша құрылатын және тікелей сабақта, сондай-ақ қосымша сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізу кезінде пайдалануға арналған материалдар. Оқушыларға арналған орталық теледидардан берілетін арнайы бағдарламаларды шартты түрде бірнеше түрге жатқызуға болады: танымдық, ойын-сауық және оқу. Мысалы, «Балапан» бағдарламасының тақырыптық циклдері балаларға танымдық, құқықтық, рухани білім беру мәселелерін қамтиды. Балаларға өмір қауіпсіздігін, жол ережелерін үйретеді, рухани құндылыққа негізделген материалдарды көрсетеді. Бұл телешоуларды көргеннен кейін өткізілетін сауалнамалар, диалогтер, әңгімелер оқушыларға қызықты және түсінікті болады.

Білімді жүйелеу және жалпылау сабақтарында, тақырыптық сынып сағаттарында теледидарлық оқу бағдарламаларын қолданудың тиімділігін қазіргі таңда тәжірибе көрсетіп отыр. Кинофрагментті қолданудың ерекшелігі өтетін сабақтың не ұсынылатын оқу материалының аясында қажетті 2-3 минуттық үзіндіні ғана көрсету. Үзінділерді дәл тауып, сабақта оны тиімді қолдану мұғалім шеберлігіне байланысты.

Танымал фильмдер мен телешоуларды пайдаланудың да өз ерекшелігі бар. Мысалы, оқу мақсаттарына сәйкес телешоуларды таңдап, сабақта қандай аспектісін қолдануға болатындығын алдын ала айқындау керек: телешоудың мазмұны, оның формасы немесе тек кейіпкерлер. Мысалы, мазмұнға негізделген телешоуларға ақпараттық типтегі бағдарламалар, ертегілер, мультфильмдер, сериалдар, балалар өмірінен күнделікті көріністер, отбасылық шежірелер, көркем туындылар жатады.

Жоғарыда ұсынылған оқу мен оқытуда қолданылатын аудиовизуалды оқу материалдары мысалы ретінде төмендегі 1-кестеде қысқа мерзімді жоспарда ұсынылған [19].

Ұсынылған аудиовизуалды оқу материалдағы кейіпкерлер, материалдың ең жарқын эпизоды және т. б. туралы оқушылармен жүргізілетін диалог сыныпта жалпы қызығушылық атмосферасын құруға көмектеседі. Материалды қабылдау кезінде оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылауды және басқаруды жүзеге асыру керек. Барлық оқушылар экранда не болып жатқанын көре алатындығына көз жеткізу керек; күндерді, есімдерді, жаңа терминдерді қайталап және тақтаға жазу қажет. Барлық оқушылардың тапсырманы орындап отырғанын қадағалап отыру керек. Егер бағдарламада семантикалық үзіліс болса, сұрақ-жауап әдісін қолдану керек. Сұрақ қою кезінде сыныптың назарын ең маңызды фактілер мен тұжырымдарға аудару оқушының материалды толыққанды игеруіне ықпал етеді.

Оқытудың заманауи сандық технологиялары оқытудың көмекші құралы болып табылады. Олардың ішінде бастауыш сынып оқушылары үшін қолдануға болатын аудиовизуалды құралдарға: оқу тапсырмаларының мазмұнына сәйкес ұсынылатын бейне бағдарламалар мен фильмдер, түрлі оқу бағдарламалары (Eduplay, ABC Pro, MemoFace, Primerchik және т.б.), *Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған* электронды оқулықтар ерекше орын алады.

Ұсынылған аудиовизуалды оқу материалдағы кейіпкерлер, материалдың ең жарқын эпизоды және т. б. туралы оқушылармен жүргізілетін диалог сыныпта жалпы қызығушылық атмосферасын құруға көмектеседі. Материалды қабылдау кезінде оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылауды және басқаруды жүзеге асыру керек. Барлық оқушылар экранда не болып жатқанын көре алатындығына көз жеткізу керек; күндерді, есімдерді, жаңа терминдерді қайталап және тақтаға жазу қажет. Барлық оқушылардың тапсырманы орындап отырғанын қадағалап отыру керек. Егер бағдарламада семантикалық үзіліс болса, сұрақ-жауап әдісін қолдану керек. Сұрақ қою кезінде сыныптың назарын ең маңызды фактілер мен тұжырымдарға аудару оқушының материалды толыққанды игеруіне ықпал етеді.

*1 кесте. Қысқа мерзімді жоспар. Оқу мен оқытуда қолданылатын аудиовизуалды оқу материалдары*

| <b>II. Операциялық-орындаушылық кезең (30 минут)</b> |  |   |
|--|--|---|
| 5 минут  | <b>3.2.1.1 (МК; Ұ; ОТ; К) Мәтінді тыңдау. Мәтін түрін анықтау. Мәтіннің бөліктерін анықтау. Дәлелдеу жасау. Өз пікірін білдіру.</b><br><i>39-жаттығу.</i> Мәтінді мұқият тыңдайды. Мәтіннің бөліктерін анықтайды. Өр бөлікте не туралы   | Оқулық  |
| 2 минут  | <b>3.3.3.1 (Ұ) Цирк ойындары туралы видео көру. Оқушылардың алғашқы әсерлерімен бөлісу.</b><br><i>40-жаттығу.</i> Оқушыларға <a href="https://www.youtube.com">https://www.youtube.com</a> сайтынан африкалық пілдер туралы түсірілген цирктен үзінді көрсетіледі. Оқушылар алғашқы әсерлерімен бөліседі.  | <a href="https://www.youtube.com">https://www.youtube.com</a><br>цирк.<br>Африканские слоны |
| 6 минут  | <b>(МК; Ө; К) Берілген тақырып бойынша әңгіме жазу. Жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету. «Цирк қызықтары» тақырыбы бойынша оқушылар өздерінің барған, көрген цирктері туралы әңгімелейді. Өзі барып көрген немесе сабақта көрсетілген видео бойынша әңгіме жазу жұмысы ұйымдастырылады.</b><br>Ол үшін «Бағытталған жазу» стратегиясы басшылыққа алынады. Алдымен жазылым кезеңінің мақсаттары дұрыс таңдалуы қажет. Мақсат оқушылардың жазылымын жақсартуға және өз бетімен жұмыс істеу қабілетін арттыруға көмегін тигізетіндей болуы керек. Топ ішіндегі жеке оқушылардың мұқтаждықтары ескерілу керек. Мысалы:<br>• нәтижеге жету үшін кедергіні жеңуге баулу;<br>• жазылым барысы туралы талқылаудың белсенді қатысушылары болуға талпындыру;<br>• өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;<br>• үйрену барысында бағалауға мүмкіндік беру.<br>Оқушыларды бағалау жалпы сынып деңгейін ескере отырып қолданылады.<br>Жазба жұмыстарында жіберілген қателерінің түріне байланысты оқушылар топтастырылады. Тапсырманы қатесіз орындағандар өз алдына топ құрайды және оларға өз бетінше жұмыс беріледі.<br>Жазба жұмысы тексеріледі.<br>Жұмыстарын топта жариялап оқиды. | №1<br>Дәптермен жұмыс   |


Оқытудың заманауи сандық технологиялары оқытудың көмекші құралы болып табылады. Олардың ішінде бастауыш сынып оқушылары үшін қолдануға болатын аудиовизуалды құралдарға: оқу тапсырмаларының мазмұнына сәйкес ұсынылатын бейне бағдарламалар мен фильмдер, түрлі оқу бағдарламалары (Eduplay, ABC Pro, MemoFace, Primerchik және т.б.), *Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған* электронды оқулықтар ерекше орын алады.

Бастауышта оқу мен оқытуда аудиовизуалды құралдарды белгілі бір ерекшеліктерді ескере отырып, орынды қолдану керек. Аудиовизуалды құралдарды шамадан тыс, орынсыз қолдану оқушылардың қызығушылығын жоғалтса, үнемі қолданбау керісінше танымдық, шығармашылық белсенділікті жоғалтады. Пән мұғалімі, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін, гигиеналық талаптарды ескере отырып, белгілі бір ұстанымдарды басшылыққа алып қолдану керек. Оқу мен оқытуда аудиовизуалды құралдар белгілі бір тақырыптың мазмұнын кең ауқымда қарастыруға, оқыту тәсілдерін түрлендіруге, оқушылардың игерген білімдерін шығармашылық тұрғыдан дамытып, кей жағдайда зерттеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етеді.

Ұстаз әр шәкіртінің жеке тұлғасын қалыптастыруда қоғам сұранысына сай жаңа жағдайда білім беруді басты ұстаным етуі керек. Бастауышта шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыру заман талабы болғандықтан, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін танымдық белсенділігін арттыру қажет. Оқушыларды оқу мен оқытуда білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген оқулықтардағы дайын білімді игертумен шектемей, ойы ұшқыр, шығармашылық әлеуеті қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеу маңызды. ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін аудиовизуалды құралдар мен оқу материалдарын қолдануға мақсатты түрде даярлау оқу процесін неғұрлым нәтижелі және тиімді ұйымдастыруына ықпал етеді. Ал ұсынылған әдістемеге сәйкес әзірленген дидактикалық материалдар мен бейнематериалдарды үйлесімді және кешенді пайдалану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерінің қалыптастыруына қолайлы жағдайлар жасайды.


**Нәтижелер мен талқылау.** Зерттеу тақырыбы аясында талданған ғылыми еңбектерді саралай отырып, бастауыш білім беру саласында аудиовизуалды оқу материалдарын қолдаудың тиімділігі мен күтілетін нәтижесін айқындау, арнайы зерттеу жұмысын жүргізуді қажет етеді деген қорытынды жасадық. Осы мақсатта болашақ бастауыш сынып мамандарын шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыруға даярлаудың қаншалықты маңызды екенін айқындау үшін, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3-4 курс студенттері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арнайы сауалнама әзірлеп, оқу мен оқытуда аудиовизуалды материалдарды қолданудың мүмкінгі мен тиімдігі туралы берген пікірлері жинақталды. Сауалнамаға барлығы 107 респондент қатысып, екі түрлі сауалнама әзірленді. Олардың әрқайсысы білім алушылардан да, мұғалімдерден де оқу мен оқытуда аудиовизуалды материалдарды пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту туралы бірегей деректерді жинау үшін пайдаланылды.

Осы зерттеу үшін жиналған деректер, жиіліктер, пайыздар, кестелер және диаграммалар сияқты сипаттамалық статистиканы қолдану арқылы талданып, респонденттерден алынған деректерді жалпылау үшін пайдаланылды.




Сурет 1. Аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қолдану үшін цифрлық құралдарды қолданып әзірлеу деңгейіңіз қандай?

Сауалнамада ұсынылған 1-сұрақ: Аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қолдану үшін цифрлық құралдарды қолданып әзірлеу деңгейіңіз қандай? Ұсынылған сұраққа жоғарыда берілген 1-суретке сәйкес респонденттердің 16,8%-ы күнделікті сабақта алдын ала аудиовизуалды материалдарды іріктеп, әзірлеп қолданатынын айтса, 42,1%-ы оқытуда аудиовизуалды материалдарды күнделікті қолданбаса да, кей сабақтарда дайын материалдарды іріктеп пайдаланатынын алға тартады. 39,3%-ы оқыту үшін аудиовизуалды материалдарды қолданғанды жөн көретіндігін, бірақ өздігінен цифрлық технологиялар мен құралдарды қолдана алмайтын айтады. 1,8%-ы сұраққа жауап жазбаған.



Сурет 2. Аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қаншалықты жиі қолданасыз?

Сауалнамада ұсынылған 2-сұрақ: Аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қаншалықты жиі қолданасыз? Берілген сұраққа жоғарыда берілген 2-суретке сәйкес респонденттердің 25,2%-ы электронды оқулықтар, әлеуметтік желілерден алынған арнайы материалдарды жиі қолданатынын айтса, 50,4%-ы оқытуда оқулықта арнайы QR кодтармен берілген аудиовизуалды материалдарды қолданатынын аға таратады. 23,4%-ы оқыту үшін аудиовизуалды материалдарды сабақтарында қолдану мүмкіндігі жоқ екенін айтқан. 1%-ы сұраққа жауап бере алмайтынын жазған.



Сурет 3. Оқу мен оқытуда аудиовизуалды оқу материалдарын қолдануға не кедергі келтіреді?

Сауалнамада ұсынылған 3-сұрақ: Оқу мен оқытуда аудиовизуалды оқу материалдарын қолдануға не кедергі келтіреді? Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 54%-ы дайын аудиовизуалды материалдардың тапшылығын, 4%-ы өздері сабақта қолдану үшін әзірлеуге цифрлық технологиялар туралы білмдерінің жеткіліксіздігін, 38%-ы дайын оқу материалдарын көрсететін арнайы құрылғалардың мектеп базасында қолжетімсіздігін алға тартты. Жоғарыда ұсынылған 3-суретте гафикалық бейнесі ұсынылды.

Сауалнамада ұсынылған 4-сұрақ: Аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қолданудың пайдасы туралы не айта аласыз? Ұсынылған сұраққа респонденттердің барлығы оң көзқарас білдірген. Соның ішінде 72,9%-ы сабақта қолданылатын аудиовизуалды материалдар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, берілген ақпаратты тез қабылдап, өтілген тақырыпты терең

меңгеруіне ықпал етеді деп ой түйген. 18,7%-ы аудиовизуалды материалдарды қолданудың тиімді екенін, бірақ оны қолдану үшін мектептердің материалдық базасы толыққанды цифрлық құралдармен қамтылмағанын атап өткен. Сонымен қатар оқушылардың сабақта қолданып жүрген смартфондарының өзі кей кезде оқу процесіне кедергі келтіретінін айтады. Сондықтанда мектепте ғаламтор мен цифрлық құралдар қолжетімді болу керек деген ұсыныс білдірген. 8,4%-ы аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қолдануды қолдайтынын, бірақ арнайы курстар ұйымдас-тырылып, оқу процесінде цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін игеруімізге ықпал етсе деген көзқарас білдірген.

Сауалнамада ұсынылған 5-сұрақ: Аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырады деген пікірмен қаншалықты келісесіз? Сауалнамада ұсынылған 5-сұраққа барлық респонденттер жоғары баға берген. Оқушылардың қызығушылығын тудыратын, әрі цифрлық технологияларды жетік меңгеруіне ықпал ететін оқу материалдарын сабақта жүйелі түрде қолданып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға түркі болуымыз керек деп қорытынды жасаған.

Сауалнамадағы 4,5 - сұрақтар сауалнамаға қатысушы респонденттердің аудиовизуалды оқу материалдарын сабақта қолдануға деген мотивтерін; 1,2 – сұрақтар осы мәселеге қатысты білімдерінің қаншалықты екендігін; 3 – сұрақ респонденттердің аудиовизуалды оқу материалдары оқу процесінде қолдана алу дағдыларының деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің аудиовизуалды оқу материалдарын кейбір кедергілер оң шешімін тапса, оқу процесінде қолдануға деген қызығушылығы жоғары деңгейде деген қорытынды жасадық.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, оқу мен оқытуда шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдарын қолдану негізінде ұйымдастыру тек шығармашыл адамдардың ғана қолынан келмек. Баланы жастайынан саналы түрде аудиовизуалды оқу материалдарын қолдануға қалыптастыруда орта мектептің бастауыш сатысының рөлі зор. Бастауыш сынып оқушыларының даму ерекшеліктерін ескеретін болсақ, аудиовизуалды оқу материалдарын оқу процесінде ерте жастан қолданудың мүмкіндіктері орасан. Бастауышта шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыру:

- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға;
- Заманауи сандық технологияларды тиімді қолдануға;
- Зерттеу іс-әрекетін қалыптастыруға;
- Игерген білімдерін түрлендіріп жаңа жағдайда жүзеге асыруға;
- Олардың дүниетанымын кеңейтіп, іздену жұмыстарын ұйымдастыруға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады деген тұжырым жасаймыз.

Білім беру сапасы оның нәтижесінен айқын көрінеді. Оқушыға сапалы білім беру, өздігінен нәтижеген бағытталған іздену жұмыстарын ұйымдастыруға қалыптастыру бастауыш сынып мұғалімінің негізгі ұстанымы болуы шарт. Бұл көп жағдайда бастауыш сынып мұғалімінің біліктілігіне, шеберлігіне, шығармашылық әлеуеті мен цифрлық технологияларды жетік меңгеруіне тікелей қатысты.

Ал нәтижеге бағытталған білім берудегі ең негізгі мәселе – болашақ мамандарды жоғары оқу орындарында алдын-ала мақсатты түрде даярлап, кәсіби құзіреттіліктерін жоғары дәрежеде қалыптастыру болып табылады. Заманауи бастауыш сынып мұғалімі оқу бағдарламаларында ұсынылған міндетті деңгей тапсырмаларын оқушыларға меңгертумен шектелмей, білім берудің жаңа жағдайында оқу мен оқытудың озық тәсілдері мен тәсілдемелерін әзірлей алатын және оны оқу процесінде тиімді қолдана алатын маман болуы керек.

Қазіргі кезде оқу мен оқытудың тиімдігін арттыруда қолданылатын аудиовизуалды оқу материалдары оқушылардың тыңдалым, айтылым және жазылым сынды оқу дағдыларын дамытатын негізі тәсіл болып табылады.

Тақырып аясында жүргізілген зерттеу жұмысын қорыта отырып, біз оқу мен оқытуда аудиовизуалды құралдарды қолдану төмендегі мәселелерді шешетінін анықтадық:

- Оқу мотивациясын арттыру;
- Оқытудың сапасын жетілдіру;
- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін, танымын дамыту;
- Оқушылардың жеке, жұптық, топтық жұмысын ұйымдастыру.

Оқу процесіне аудиовизуалды құралдарды қолдану сабақтың формасын түрлендіріп, оқушылардың тақырыпты игеруге қызығушылығын тудырып, олардың танымын арттыруға ықпал етеді.

Еліміздің білім беру саласындағы басты міндеттерінің бірі – ұлттық құндылықтарымызды дамытуды негізгі ұстаным ете отырып, шығармашыл әлеуеті қалыптасқан, заманауи озық цифрлық технологияларды меңгерген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Олай болса оқу мен оқытуда педагогикалық процесті жетілдіру, үнемі дамытып отыру үздіксіз жүзеге асырылып отыру керек. Осы тұрғыдан алғанда, білім негізі бастауыш мектептен бастау алатынын ескерсек, бұл ойды жүзеге асыратын ең алдымен бастауыш сынып ұстаздар қауымы екенін әрқашан есте ұстағанымыз жөн.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда. <http://online.zakon.kz>.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №988 Жарлығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/links>
3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
4. Тоқаев Қ., Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі// Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100002021>
5. Karasheva Z., Amirova, A., Ageyeva L., Jazykbayeva M., & Uaidullakzy E. (2021). Preparation of future specialists for the formation of educational communication skills for elementary school children. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*, 13(3), 467–484. -<https://doi.org/10.18844/wjet.v13i3.5954>
6. Ospanbekova M., Duisebekova A., Dauletova A., Bizhanova G., Kara A.//*Training Prospective Elementary School Teachers for Developing Reflection in Pupils Based on Innovative Technologies*//«International Electronic Journal of Mathematics Education»(Turkey). – 2016. – V. Lss.7.9. – P. 2137-2150. IEJME-ISSN 1306-3030SJR <http://www.iejme.com/>
7. Nurkenova G., Mazhenova R., Danek Ia., Asakaeva D. & Abilkassimova G.//*Digital technologies implementation in the process of training future teachers. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2(78), 2023ж.*
8. Философиялық сөздік – /Редкол. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин ж.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 бет.
9. Shaheen, Robina (2012). Creativity. In: Arthur, James and Peterson, Andrew eds. *The Routledge companion to education*. UK: Roulledge, [https://www.academia.edu/4020564/What\\_is\\_creativity](https://www.academia.edu/4020564/What_is_creativity)
10. Craft, A (2000) *Creativity Across the Primary Curriculum*, London: Routledge, 2000. – 200 б.
11. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің қабілетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. Монография. Алматы: «Полиграфия-сервис К», 2012. – 316 бет.
12. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы [Мәтін]: пед. ғыл. докт. дисс. 13.00.01 / Әмірова.Ә.С. – Алматы, 2009.
13. Григг Расселл (2020) //Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау//«Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2020.-600б.
14. Jones, R. and Wyse, D. (2013) *Cretivity in the Primary Curriculum*, Abingdon: Routledge. ISBN 9780415675475//192. January 11, 2013. <https://www.routledge.com/Creativity-in-the-Primary-Curriculum/Jones-Wyse/p/book/9780415675475>
15. Элен Битэм, Рона Шарп, 2019//Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны//«Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019.-328б.
16. Bagila, S., Kok, A., Zhumabaeva, A., Suleimenova, Z., Riskulbekova, A., & Uaidullakzy, E. (2019). Teaching Primary School Pupils Through Audio-Visual Means. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*, 14(22), pp. 122–140. <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i22.11760>
17. Sword, R. (2020). *Effective Communication in the Classroom: Skills for. High Speed Training*. Retrieved, November 16, 2020. <https://www.highspeedtraining.co.uk/hub/communication-skills-for-teachers/>

18. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сыныптардағы «Қазақ тілі» пәндері бойынша білім беру бағдарламасы, 2016ж
19. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-2бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған (электронды диск)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова –Алматы: Атамұра, 2018. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-116-6

References:

1. The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education". 07/27/2007, No. 319-III SAM. Astana. Achord. <http://online.zakon.kz>.
2. The state program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/links>
3. Order of the minister of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022 No. 2. State mandatory standards of higher and postgraduate education// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
4. Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022 No. 2. State mandatory standards of higher and postgraduate education // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100002021>
5. Karasheva, Z., Amirova, A., Ageyeva, L., Jazdykbayeva, M., & Uaidullakzy, E. (2021). Preparation of future specialists for the formation of educational communication skills for elementary school children. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*, 13(3), 467–484. -<https://doi.org/10.18844/wjet.v13i3.5954>
6. Ospanbekova M., Duisebekova A., Dauletova A., Bizhanova G., Kara A.//Training Prospective Elementary School Teachers for Developing Reflection in Pupils Based on Innovative Technologies//«International Electronic Journal of Mathematics Education»(Turkey). – 2016. – V. Lss.7.9. – P. 2137-2150. IEJME-ISSN 1306-3030SJR <http://www.iejme.com/>
7. Nurkenova G., Bazhenova R., Danek Ia., Asakaeva D. & Abilkassimova G//Digital technologies implementation in the process of training future teachers. *Bulletin of KazNPU named after Abaya series "Pedagogical sciences"*, No. 2(78), 2023.
8. Philosophical dictionary - / Editorial board R. N. Nurgaliev, G. G. Akmambetov, J. M. Abdildin J. B.-Almaty: "Kazakh encyclopedia", 1996. - p. 525.
9. Shaheen, Robina (2012). Creativity. In: Arthur, James and Peterson, Andrew eds. *The Routledge companion to education*. UK: Roulledge, [https://www.academia.edu/4020564/What\\_is\\_creativity](https://www.academia.edu/4020564/What_is_creativity)
10. Craft, A (2000) *Creativity Across the Primary Curriculum*, London: Routledge, 2000. – p. 200.
11. Turgunbayeva B. A. *the development of the abilities of future teachers: on the path of professional creativity*. Monograph. Almaty: "Polygraphy-service K", 2012. - p. 316.
12. Amirova A. S. *Theory and practice of formation of creative activity of younger schoolchildren [text]: under the title of the doctor. diss. 13.00.01 / Amirova.A. S. – Almaty, 2009.*
13. Grigg Russell (2020) //elementary school teacher: improving skills//of "National Translation Bureau", 2020.-600 p.
14. Jones R. and Wyse D. *Cretivity in the Primary Curriculum*, Abingdon: Routledge. ISBN 9780415675475//192. January 11, 2013.<https://www.routledge.com/Creativity-in-the-Primary-Curriculum/Jones-Wyse/p/book/9780415675475>
15. Helen Beetham, Rona Sharp, //Rethinking pedagogy in the digital age. *Design of education in the XXI century // of "National Translation Bureau"*, 2019. - 328 p.
16. Bagila, S., Kok, A., Zhumabaeva, A., Suleimenova, Z., Riskulbekova, A., & Uaidullakzy, E. (2019). Teaching Primary School Pupils Through Audio-Visual Means. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*, 14(22), pp. 122–140. <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i22.11760>
17. Sword R. (2020). *Effective Communication in the Classroom: Skills for. High Speed Training*. Retrieved, November 16, 2020. <https://www.highspeedtraining.co.uk/hub/communication-skills-for-teachers/>
18. Educational program on subjects "Kazakh language" in primary grades as part of updating the content of secondary education in the Republic of Kazakhstan, 2016
19. The Kazakh language.Teaching methods.1st-2nd division.For teachers of the 3rd grade of a secondary school (electronic disk) / A.E.Zhumabayeva, M.N.Ospanbekova –Almaty: Atamura, 2018.Recommended by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.ISBN 978-601-331-116-6